



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИРЕНА) Жарғысын ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 22 наурыздағы № 82-V
Заңы

[Қайта оралу](#)

2009 жылғы 26 қаңтарда Боннда жасалған Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИРЕНА) Жарғысы ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев.

Бейресми аударма

Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИРЕНА) ЖАРҒЫСЫ

Осы Жарғыға қатысушы мемлекеттер
орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында жаңартылатын
энергияны кеңінен таратуды және пайдалануды ынталандыруға
ниет *білдіре отырып,*

энергетикалық қауіпсіздік пен энергия жеткізгіштерінің
өзгермелі бағалар проблемаларын біртіндеп шешу үшін
жаңартылатын энергиямен берілетін кең көлемдегі
мүмкіндіктерге *берік сене отырып,*

климатты тұрақтандыруға ықпал ететін және көмір аз
тұтынылатын экономикаға экологиялық тұрғыдан ұтымды,
қауіпсіз және бірте-бірте көшуді мүмкін ететін жаңартылатын
энергияның парниктік газдардың атмосфераға шоғырлануын
азайтудағы үлесіне *кәміл сене отырып,*

жаңартылатын энергия технологияларының орнықты
экономикалық өсуге және жаңа жұмыс орындарын құруға
қолайлы әсерін күшейтуге *ұмтыла отырып;*

әсіресе дамушы елдерде энергияға орталықсыздандырып қол
жеткізуді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оқшауланған,
шалғайдағы аудандар мен аралдарда энергияға қолжетімділікті
қамтамасыз ету үшін жаңартылатын энергияның орасан зор
әсерін ескіріп отырған жағдайда, осы Жарғыға қол қойып,

әлеуетін ықыласпен *атап көрсете отырып,*

халықтың денсаулығы үшін отынның қазба түрлерін пайдаланудың және дәстүрлі биомассаны тиімсіз пайдаланудың айтарлықтай теріс зардаптарына байланысты алаңдаушылық *білдіре отырып,*

жаңартылатын энергияның энергия пайдаланудың жоғары тиімділігімен бірге, болашақта едәуір өседі деп болжанып отырған энергияға әлемдік сұранысты барған сайын қанағаттандыра түсуге қабілетті екендігіне *сене отырып,*

өз мүшелерінің арасындағы ынтымақтастықты жеңілдететін және жаңартылатын энергияны пайдалануды көтермелейтін қазіргі ұйымдармен тығыз байланыста іс-қимыл жасайтын жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық ұйым құруға өзінің ниетін растай отырып;

төмендегілер туралы *келісті.*

I бап

Агенттікті құру

А. Осы Жарғыға мүше мемлекеттер мынадай жағдайларға сәйкес Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттікті (бұдан әрі - Агенттік) құрады.

В. Агенттік өз қызметінде барлық мүшелерінің теңдігі қағидатын басшылыққа алады және мүшелерінің егемен құқықтары мен өкілеттіктерін тиісінше ескереді.

II бап

Мақсаттары

Агенттік:

а) жаңартылатын энергияны құрамдастыра пайдалану және энергия пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде алынған мемлекеттік және мемлекетішілік артықшылықтар мен игіліктерді;

б) табиғи ресурстарға қысымды шектеу, орман селдіреуінің азаюына (әсіресе, тропикалық аудандарда), шөлейттенуге, биологиялық вариативтіліктің жоғалуына қарсы күрес арқылы қоршаған ортаны сақтау үшін, климатты қорғау; кедейлікті жоюды және орнықты дамуды қоса алғанда, экономикалық өсу және әлеуметтік ынтымақтастық үшін, энергия көздеріне қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін; өңірлік даму мен бүгінгі және болашақ ұрпақтың өзара жауапкершілігі үшін жаңартылатын энергияның мәнін назарға ала отырып, жаңартылатын энергияның барлық түрлерін кеңінен таратуды және тұрақты пайдалануды ынталандырады.

III бап

Анықтама

Осы Жарғының мақсаттары үшін «жаңартылатын энергия» термині экологиялық ұтымды тәсілмен жаңартылатын көздерден алынған энергияның барлық түрін білдіреді, атап айтқанда:

1. Биоэнергия.
2. Геотермальды энергия.
3. Су энергиясы.
4. Басқалардың арасынан толқындар энергиясын және мұхиттың жылу энергиясын қоса алғанда, мұхит энергиясы.
5. Күн энергиясы.

б. жел энергиясы.

IV бап

Қызмет түрлері

А. Жаңартылатын энергия технологиялары саласындағы сараптамалық орталық бола тұра, жаңартылатын энергияны пайдалану саласындағы саясатты әзірлеу және нақты іске асыру үшін өз тәжірибесін ұсынып, қажетті жәрдем көрсете отырып, жаңартылатын энергияға қатысты барлық мәселелер бойынша қолдау көрсете отырып және мемлекеттерге тиімді дамудан, тәжірибе мен технологиялар алмасудан пайда табуға көмектесе отырып, Агенттік мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Әсіресе, өз мүшелерінің мүддесі үшін іс-қимыл жасай отырып, Агенттік:

а) мүше мемлекеттерге осы саладағы саясатқа қатысты міндеттемелер жүктемей, осы саладағы саясатты іске асыру тетіктерін, көтермелеу мен жеңілдіктерді, инвестициялау тетіктерін, ұсынылатын практикаларды, қолжетімді технологияларды, интеграцияланған жүйелер мен жабдықтарды, сондай-ақ осы практиканың табыстылығына әсер ететін факторларды қоса алғанда, жаңартылатын энергия саласында талдау, мониторинг және қазіргі заманғы практикаға жүйелеу жүргізеді;

б) осы және шектес салаларда пікірталастарға бастамашы болады және басқа үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдармен және олардың жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

с) мүшелердің сұрау салуы бойынша олардың мұқтажын назарға ала отырып, осы саладағы саясат мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асырады, жаңартылатын энергия саласындағы саясатқа, мұндай саясаттың негіздемелік шарттарына қатысты пікірталасты халықаралық деңгейде қолдайды;

д) тиісті білімдерін тереңдетеді, технологияларды беруге жәрдемдеседі, мүше мемлекеттердің әлеуетін дамытуды ынталандырады, осы үшін қажетті байланысты қолдайды;

е) кадрларды даярлау мен оқытуды қоса алғанда, мүше мемлекеттердің әлеуетін арттыруға ықпал етеді;

ф) мүшелердің сұрау салуы бойынша жаңартылатын энергияға байланысты жобаларды қаржыландыруға қатысты консультация беруді жүзеге асырады, тиісті тетіктерді қолдануға ықпал етеді;

г) әлеуметтік-мәдени саладағы зерттеулерді қоса алғанда, зерттеулерді көтермелейді, ғылыми-зерттеу жүйелерін құруға, бірлескен зерттеулер жүргізуге, жаңа технологияларды дамытуға және өрістетуге жәрдемдеседі;

h) әртүрлі халықаралық форумдарға қатысуға байланысты мұқият зерттеудің негізінде жаңартылатын энергия саласындағы ұлттық және халықаралық техникалық стандарттарды дамытуға және енгізуге қатысты ақпарат ұсынады.

2. Сонымен бірге, Агенттік жаңартылатын энергияны пайдаланудың игіліктеріне және оларға берілетін мүмкіндіктерге қатысты ақпаратты таратады және қоғамның хабардар болу деңгейін арттырады.

В. Агенттік өз қызметін жүзеге асыру барысында:

1. Халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастыққа

жәрдемдесу

мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес және Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму саласындағы стратегияларына сәйкес іс-қимыл жасайды.

2. Өз ресурстарын, оларды тиімді пайдалануды, дамушы елдердің, шалғайдағы және оқшауланған өңірлер мен аралдардың ерекше қажеттіліктерін назарға ала отырып, Агенттіктің мақсаттарын тиісінше іске асыруды және Агенттіктің мүшелері үшін және әлемнің барлық өңірлерінде мүмкін болатын пайданы барынша алу жөніндегі оның қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндей етіп бөледі.

3. Функцияларды қажетсіз қайталауға жол бермеу, осы саладағы мүмкіндіктерді жинақтауға және тиімді іске асыруға, үкіметтердің, өзге де ұйымдар мен агенттіктердің жаңартылатын энергияны пайдалануды ынталандыруға бағытталған тұрақты қызметіне жәрдемдесу мақсатында жұмыс істеп тұрған ұйымдармен тығыз ынтымақтасады және өзара тиімді қатынастарды қолдауға ұмтылады.

С. Агенттік:

1. Мүшелерге өз қызметі туралы жыл сайын баяндама ұсынады.

2. Саясат мәселелері бойынша ұсынымдар бергеннен кейін мүшелерді осындай ұсынымдар туралы хабардар етеді.

3. Мүшелерді осы салада іс-қимыл жасайтын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және осындай ұйымдардың қызметі туралы хабардар етеді.

V бап

Жұмыс бағдарламасы мен жобалар

А. Агенттік өз қызметін Хатшылық дайындаған, Кеңес қараған және Ассамблея қабылдаған жылдық жұмыс бағдарламасының негізінде жүзеге асырады.

В. Мүшелермен консультация жүргізгеннен кейін және келіспеушілік болған жағдайда, Ассамблея мақұлдағаннан кейін Агенттік жұмыс бағдарламасын іске асырудан басқа, Агенттіктің ақшалай емес ресурстары жеткілікті болған кезде, мүшелер бастамашы болған және қаржыландыратын жобаларды жүзеге асыруы мүмкін.

VI бап

Мүшелік

А. Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері болып табылатын мемлекеттер, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген қызметтің мақсаттары мен түрлеріне сәйкес іс-қимыл жасауды қалайтын және қабілетті экономикалық интеграцияның өңірлік үкіметаралық ұйымдары Агенттіктің мүшесі бола алады. Агенттікке мүшелік үшін экономикалық интеграцияның өңірлік үкіметаралық ұйымын ең кемінде оның біреуі Агенттіктің мүшесі болып табылатын егемен мемлекеттер құруға тиіс. Бұл ретте мүше мемлекеттер Агенттіктің қызмет саласына кіретін мәселелердің ең болмағанда біреуін осындай ұйымның құзыретіне беруге тиіс.

В. Мұндай мемлекеттер мен экономикалық интеграцияның өңірлік үкіметаралық ұйымдары:

1. Жарғыға қол қойып және ратификациялау туралы құралды сақтауға тапсырып, Агенттіктің бастапқы мүшелері.

2. Олардың мүшелігі мақұлданғаннан кейін қосылу туралы хабарламаны сақтауға тапсырып, Агенттіктің басқа мүшелері болады. Егер Агенттіктің мүшелеріне тиісті өтініш жібергеннен кейін үш ай ішінде қарсылық білдірмесе, мүшелік мақұлданған болып саналады. Егер қарсылық білдірсе, Ассамблея өтінішті IX баптың H абзацының [1-тармағында](#) белгіленген тәртіппен қарайды.

С. Экономикалық интеграцияның өңірлік үкіметаралық ұйымы, ұйым және оған мүше мемлекеттер осы Жарғы бойынша міндеттемелердің орындалуына жауапкершіліктің аражігін ажыратады. Ұйым мен оған мүше мемлекеттердің осы Жарғы бойынша дауыс беру құқығын қоса алғанда, құқықтарды бір мезгілде іске асыруға құқығы жоқ. Өзінің ратификациялау немесе қосылу туралы құжаттарында жоғарыда аталған ұйымдар осы Жарғыны реттеу нысанасына кіретін мәселелер бойынша өз құзыретінің шегін айқындайды. Бұл ұйымдар өз құзыретінің кез келген елеулі өзгерістері туралы да депозитарийге хабарлайды. Өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша дауыс берген жағдайда экономикалық интеграцияның өңірлік үкіметаралық ұйымдары Агенттіктің мүшелері болып табылатын осы ұйым мүшелерінің санына тең дауыс санына ие болады.

VII бап

Бақылаушылар

А. Байқаушы мәртебесін Ассамблея:

1. Жаңартылатын энергия саласында белсенді қызметті жүзеге асыратын үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдарға.

2. Осы Жарғыға қол қойған, бірақ ратификацияламаған мемлекеттер мен ұйымдарға.

3. Мүшелік туралы өтініші VI баптың В абзацының [2-тармағында](#)

көзделген тәртіппен мақұлданған өтініш берушілерге беруі мүмкін.

В. Бақылаушылар Ассамблеяның және оның көмекші органдарының ашық отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатыса алады.

VIII бап

Органдар

А. Агенттіктің негізгі органдары ретінде:

1. Ассамблея.

2. Кеңес.

3. Хатшылық құрылады.

В. Ассамблея мақұлдаған кезде Ассамблея және Кеңес осы Жарғыға сәйкес олардың функцияларын іске асыру үшін қажетті деп санаған осындай көмекші органдарды құруы мүмкін.

IX бап

Ассамблея

А. 1. Ассамблея - Агенттіктің жоғары органы.

2. Ассамблея осы Жарғының шеңберіндегі немесе құрылуы осы Жарғыда көзделген кез келген органның функцияларына және өкілеттіктеріне жататын кез келген мәселені талқылай алады.

3. Ассамблея осы мәселелердің кез келгені бойынша:

а) шешім қабылдай алады және кез келген осындай органға